



ҚАСЫМ-ЖОМАРТ ТОҚАЕВ КОРЕЯ РЕСПУБЛИКАСЫ ПРЕЗИДЕНТІНІҢ АРНАУЛЫ ӨКІЛІ - ПРЕЗИДЕНТ ӘКІМШІЛІГІНІҢ БАСШЫСЫ КАН ХУН ШИКТІ ҚАБЫЛДАДЫ



Арнаулы өкіл
Республикасының
экономикалық және
инвестициялық байланыстарда
күшейту, сондай-ақ түрлі салада
бірлескен жобаларды іске асыру
арқылы өзара қарым-қатынасты
мүлдем жаңа деңгейге шығаруға
айрықша маңыз артатынын
мәлімдеді. Әңгімелесу барысын-
да екіжақты күн тәртібіндегі
көптеген мәселе, соның ішінде
жаһандық нарықтағы қазіргі
сын-қатерлерге байланысты
энергетика, көлік-логистика
салаларында ықпалдастық ая-
сын кеңейту перспективасы
талқыланды.

Кездесу соңында Кан Хун Шик Президент Ли Чжэ Мённің Қазақстан Президентін Корей Республикасына сапармен келуге және биыл қыркүйек айында Сеулде өтетін «Орталық Азия – Корей Республикасы» саммитіне қатысуға шақыратынын айтты.

Қ а с ы м - Ж о м а р т Тоқаев Оңтүстік Корей көшбасшысының шақыруын ықыласпен қабыл алды. Мемлекет басшысы жоғары деңгейде өтетін алдағы келіссөздер екі ел ынтымақтастығын жандандырып, Орталық Азия – Корей Республикасы форматындағы ықпалдастықты арттыруға оң септігін тигізетініне сенім білдірді.

akorda.kz

АИДА БАЛАЕВА АЛАКӨЛ ЖАҒАЛАУЫНЫҢ ЖАЗҒЫ ТУРИСТІК МАУСЫМҒА ДАЙЫНДЫҒЫМЕН ТАНЫСТЫ



ҚР Премьер-министрінің орынбасары – мәдениет және ақпарат министрі Аида Балаева мен туризм және спорт министрі Ербол Мырзабосынов Жетісу облысындағы туристік инфрақұрылымның жазғы маусымға дайындығымен танысып, Алакөл жағалауындағы негізгі нысандардың жай-күйін тексерді.

Жұмыс сапарына орталық мемлекеттік органдардың, Үкімет аппаратының, салалық ведомстволардың өкілдері, сондай-ақ Жетісу облысының әкімі Бейбіт Исабаев қатысты.

Тексеру барысында Үкімет басшысының орынбасары қонақүй кешендері, көріз-тазарту құрылыстары нысаны, Көктұма ауылындағы жағалауды бекіту учаскесі және Үшарал қаласының әуежайын аралады. Әр бағыт бойынша нысандардың қазіргі дайындығы мен жобалардың іске асу қарқыны жөнінде баяндалды.

Әрі жүйелі жұмыс жүргізіп келеді. Бұл жұмыстар Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес жүзеге асырылуда. Президент өткен жылы да туристік аймақтарда тәртіп орнату, инженерлік және көлік инфрақұрылымын дамыту, сондай-ақ инвесторлар үшін нақты қолайлы жағдай жасау мәселелеріне ерекше назар аударған болатын. Бүгінде бұл мәселе Мемлекет басшысының айрықша бақылауында. Атап айтқанда жалпы ұзындығы 488 шақырымды құрайтын Талдықорған – Үшарал және Үшарал – Достық автомобиль жолдарын реконструкциялау аяқталып, жағалаудың көлік қатынасы едәуір жақсарған. Үшарал әуежайының ұшу-қону жолағын жаңғыртудан кейін ірі әуе кемелерін қабылдауға мүмкіндік жасалып, қосымша терминал салу жобасы да әзірленген.

Туристік аймақтың инженерлік инфрақұрылымы да едәуір нығайтылған. 57 шақырым электр желісі мен екі қосалқы станса құрылысы аяқталды. Бұл бұрынғы қуат тапшылығын жойып, алдағы кезеңге қажетті электр энергиясының қорын қалыптастыруға мүмкіндік берді. Ақши ауылында 69 шақырым көріз желісінің құрылысы аяқталды. Ақши мен Көктұмадан шығатын ағын суларды қабылдап, тазалап, суды техникалық мақсатта қайта пайдалануға мүмкіндік беретін тазарту құрылыстары жобасын іске асыру жалғасуда. Нысанды биылғы қазан айында толық жабдықтап, инженерлік желілерге қосу жоспарланған. Осылайша жағалаудағы санитариялық жағдай, су бұру және экологиялық қауіпсіздік мәселелері кезең-кезеңімен шешімін тауып келеді.

Жағалауды бекіту жұмыстарының барысына да баса назар аударылды. Жоба Алакөл жағалауының 13 шақырым аумағын қамтиды. Тексеру барысында бірқатар учаскелерде, соның ішінде жағалауға жақын орналасқан нысандар маңында жағанын шайылу белгілері бар екені тіркелді. Туристік нысан иелерінің айтуынша, қыс мезгілінде ірі мұз массалары жыл сайын жағалау жиегіне әсер етіп, топырақты шайып, жағажай аумағына зақым келтіреді. Соның салдарынан кәсіпкерлер әр маусым сайын жағажайларды қалпына келтіруге және абаттандыруға қайтадан қаржы салуға мәжбүр. Қазіргі уақытта Көктұмада 960 метр, Ақшиде 200 метр аумақта жағалауды бекіту жұмыстары атқарылған. Бұл бағыттағы жұмыстар жалғасуы тиіс. Өйткені аумақтың қорғалуы, нысандардың сақталуы және жағалаудың одан әрі дамуы соған тікелей байланысты. Жағалаудың санитариялық дайындығы жөнінде де жеке баяндалды. Осы мақсатта коммуналдық база нығайтылып, санитариялық тазарту жұмыстарына қосымша 42 бірлік арнайы техника сатып алынған. Маусымдық бригадалардың жұмысы күшейтіліп, қоқысты жүйелі шығару, қоғамдық кеңістіктер мен жағажай аумағын күтіп ұстау шаралары ұйымдастырылып жатыр.

Маусымның жақындауына байланысты қауіпсіздік мәселелеріне де ерекше назар аударылды. Жағалауда құтқару бөлімшелері жұмыс істейді, жазғы кезеңде маусымдық құтқарушылар қосымша тартылады, техника және құрал-жабдықпен жарақтандыру күшейтіледі. Сонымен қатар бейнебақылау, дрон арқылы мониторинг, қолданыстағы штектерлер мен құдық бұзушылықтар үшін жауапкершілік туралы ақпараттық ескертпелер орналастыру көзделген. «Таза Қазақстан» және «Заң мен тәртіп» қағидаттары жағалаудың бүкіл аумағында нақты көрініс табуға тиіс екені атап өтілді. Бұл ең алдымен тазалықтан, тәртіптен, белгіленген талаптардың сақталуынан және барлық қызметтердің үйлесімді жұмысынан байқалуы қажет.

Күн тәртібінде туристік саладағы еңбек қатынастары мәселелері де қаралды. Әсіресе жастар мен студенттерге қатысты бейресми жұмыспен қамтудың алдын алу қажеттігіне ерекше мән берілді. Барлық еңбек қатынастары, еңбекақы төлеу және еңбек жағдайлары тұрақты бақылауда болуы тиіс.

Алакөлді дайындаумен қатар, облыс әкімдігі Балқаш көліндегі туристік инфрақұрылымды дамыту бағытында да жұмыс жүргізіп жатқаны айтылды. Жағалау аймағының бас жоспары мен егжей-тегжейлі жоспарлау жобасы бекітілген, абаттандыру жұмыстары жүргізілуде, жағажай инфрақұрылымын аяқтау 15 маусымға жоспарланған. Сонымен қатар аумақты одан әрі дамытуға және инвестиция тартуға бағытталған ілесіп жобалар жүзеге асырылып жатыр.

Аида Балаева атқарылған жұмыстар жағалаудың жаңа инфрақұрылымдық негізін қалыптастырып жатқанын атап өтті. Сонымен бірге демалушылар ағынының ұлғаюын ескере отырып, басты өлшем нақты нәтиже мен барлық қызметтердің дайындығы болып қала беретінін айтты.

Жұмыс сапарының қорытындысы бойынша Премьер-министрдің орынбасары жағалаудың жазғы маусымға толық дайындығын қамтамасыз етуді, негізгі инфрақұрылымдық жобаларды белгіленген мерзімде аяқтауды, қауіпсіздік пен санитариялық күтіп-ұстау шараларын күшейтуді, демалушыларға арналған көрнекі профилактикалық түсіндіру жұмыстарын жолға қоюды, сондай-ақ туристер ағынының өсуі мен ішкі туризмді дамытудың ұзақмерзімді міндеттерін ескере отырып, туристік аймақты жүйелі жаңғыртуды жалғастыруды тапсырды.

primeminister.kz

«ТАЗА ҚАЗАҚСТАН»: ЖЕТІСУ ОБЛЫСЫНДА ЖАЛПЫОБЛЫСТЫҚ СЕНБІЛІК АЯСЫНДА 8 МЫҢ АҒАШ ЕГІЛДІ

Бүгін Жетісу облысында «Таза Қазақстан» экологиялық бағдарламасы аясында жалпыоблыстық сенбілік өтті. Ауқымды шараға өңірдегі барлық елді мекендердің тұрғындары, мемлекеттік органдардың, кәсіпорындар мен коммуналдық мекемелердің қызметкерлері, сондай-ақ волонтерлер, эко-белсенділер және үкіметтік емес ұйымдардың өкілдері қатысты. Осы күні Талдықорған қаласындағы «Қаратал» шағын ауданында орналасқан Жетісу университетінің студенттері жатақханасы аумағында облыс әкімі Бейбіт Исабаев жастармен бірге аумақты көгалдандыру жұмыстарына қатысып, 50 қылқан жапырақты ағаш отырғызды. Жалпы, бұл сенбілік аясында облыс бойынша 8 мыңнан астам ағаш отырғызылды, - деп хабарлайды Жетісу облысы әкімінің баспасөз қызметі.

Жасыл желектерді егіп болған соң өңір басшысы сенбілікке келген жастармен әңгімелесіп, өскелең ұрпақтың жан-жақты дамуының маңыздылығын атап өтті.

– Бүгінгі заман – цифрландыру ғасыры, цифрлық сауаттылық жастар үшін аса қажет. Экономиканың дамуы жаңа технологияға, терең білімге, әр адамның өзін-өзі тәрбиелеуіне, табиғатқа, қоғам ісіне жауапкершілікпен қарауға тікелей байланысты. Сондықтан үнемі білім алып, үздіксіз өздеріңді дамып отыру қажет, – деді Бейбіт Исабаев.

Талдықорған қаласы әкімдігінің мәліметінше, бүгінгі сенбілік барысында 2000 дана шаруашылық құрал-жабдығы таратылып, 44 бірлік арнайы техника жұмылдырылды, 238 тонна қоқыс шығарылды. Сонымен қатар көгалдандыру жұмыстарына ерекше көңіл бөлінуде. Биыл Талдықорғанда 13 мың ағаш отырғызу жоспарланған, оның 2 мыңы көктемде, 11 мыңы күзде егілмек. Қазіргі уақытта 200-ден астам көшет отырғызылды, қалғаны сәуір айының соңына дейін егіледі. Отырғызылған ағаштарға күтім жасау жұмысы да жүйелі жүргізіледі.

Тазалық шарасы туралы қатысушылардың бірі Сабина Нұрахмет пікір білдірді:

– Мен «Авиценна» медициналық колледжінің 1-курс студентімін. «Мейіргер ісі» мамандығы бойынша білім алып жатырмын. Осындай қоғамдық іс-шараларға үнемі қатысамын. Бүгін біз ағаш отырғызып, аумақты тазалау жұмыстарына атсалыстық. Алдағы уақытта да осы жасыл желектерге күтім жасауға қатысатын боламыз. Табиғатқа қамқорлық жасау – біздің парызымыз, – деді ол.

Сондай-ақ Ескелді ауданы Көкжазық ауылының тұрғыны да ой қосты:

– Біз әр сенбі сайын ауылымызды тазалау жұмыстарына қатысамыз. Бүгін ағаш діңдерін өктедік, аумақты тазалап, қоқыстан арылттық. Ауылымыз таза әрі көрікті болғанын қалаймыз, сондықтан оған өз үлесімізді қосамыз, – деді ол.

Жалпы облыс бойынша сенбілікке 15 мыңнан астам адам қатысып, 225 бірлік техника жұмылдырылды. Өңірдің елді мекендерінде 8 мыңнан астам ағаш отырғызылды, оның 6800-і жапырақты, 1426-сы қылқан жапырақты ағаштар.

Ал жыл басынан бері облыстың санитарлық тазалығына 37 мыңнан астам адам қатысып, 576 бірлік техника пайдаланылған. Соның нәтижесінде 3,9 мың тоннадан астам қоқыс шығарылып, шамамен 19,9 мың ағаш отырғызылды.

Тағы бір атап өтерлігі, қазіргі уақытта Талдықорған қаласында абаттандыру бағытындағы инфрақұрылымдық жобалар жүзеге асырылуда. Соның бірі Қаратал өзенінің жағалауында 9 гектар аумақта автоматты суару жүйесін орнату жұмыстары жүргізіліп жатыр. Аталған құрылыс учаскесіне жауапты Бағдат Тасболатовтың айтуынша, жұмыстар наурыз айында басталып, мамыр айының ортасында аяқталады, нысанда шамамен 40 адам еңбек етуде. Қазіргі таңда жалпы жұмыс көлемінің шамамен 50%-ы орындалды. 40 мың шаршы метр жасыл газон аумағында 44 магниттік клапан орнатылып, әр аймақ жеке-жеке суарылатын болады. Сумен қамтамасыз ету үшін жеке ұңғыма қазылуда.

Осындай жұмыстар «Жастар» саябағында да жүргізілуде, мұнда жаңбырлатып суару жүйесі 4 гектар аумақты қамтиды. Жобаға мердігер ұйымның 20 жұмысшысы мен 12 бірлік техникасы жұмылдырылған. Қазіргі уақытта жұмыстардың 30%-ы орындалды, жобаны белгіленген мерзімнен бұрын — шамамен маусым–шілде айларында аяқтау жоспарланып отыр.

Фотограф: Дмитрий Ерофеев

Жетісу облысы әкімінің баспасөз қызметі.



«7 OZEN»: ЖЕТИСУДА АҚСУ ӨЗЕНІНІҢ АРНАСЫ ТАЗАРТЫЛДЫ



Жетісу облысының Ақсу ауданында «Таза Қазақстан» экологиялық бағдарламасы аясында «7 OZEN» акциясы өтті. Іс-шараға Жетісу облысы энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасы басшысының орынбасары Азамат Бейісбаев пен аудан әкімі Берік Тынышбайұлы, аудан тұрғындары қатысты.

Акцияға қатысушылар аумақты тазалау жұмыстарын жүргізді. Тазалық шарасы барысында Ақсу өзенінің жағалауы қоқыстан тазартылып, көгалдандыру жұмыстары жүргізілді. Сондай-ақ экологиялық жағдайды жақсартуға бағытталған іс-шаралар атқарылды.

Ұйымдастырушылардың мәліметінше, 700-ден астам адам және 17 бірлік арнайы техника жұмылдырылды. Жалпы саны 500 көшет отырғызылды, оның 50-і қылқан жапырақты, 450-і жапырақты ағаштар.

Сонымен қатар, ауданның барлық елді мекендерінде санитарлық тазалау және абаттандыру жұмыстары қатар жүргізілуде.

Жетісу облысы әкімінің баспасөз қызметі

МЕТОДЫ ЗАЩИТЫ ОТ ЯДОХИМИКАТОВ

Ядохимикаты (пестициды) – это химические вещества, которые в той или иной степени опасны для здоровья человека, проявляющие свое токсическое действие независимо от пути проникновения в организм (через рот, кожу или органы дыхания), поэтому при работе с ними необходимо строго соблюдать меры предосторожности.

Отравление пестицидами бывает бытовым и производственным.

Сейчас все хозяйства начинают подготовку к севу. Самой главной задачей является подготовка семян и протравливание их.

Во избежание отравления ядохимикатами при проведении сезонных протравочных работ важно соблюдать санитарно-гигиенические нормы, правила техники безопасности:

- Ко всем работам с ядохимикатами допускаются лица не моложе 18 лет, прошедшие медицинский осмотр и допущенные к этим работам. Запрещается допускать к обслуживанию машин кормящих и беременных женщин, подростков и лиц с незаживающими ранами.
- Руководители хозяйств должны обеспечить всех работающих спецодеждой, обувью, рукавицами, перчатками, респираторами, защитными очками. За каждым работником закрепляется комплект индивидуальной защитной одежды, которую необходимо периодически обезвреживать, иначе они могут стать источником заражения кожи рук, лица, тела, слизистой глаз и дыхательных путей.
- Запрещается курить, принимать пищу во время работы с ядами.
- После окончания работы рабочие должны тщательно мыть руки с мылом, а после работы с пылевидными ядами, кроме того, мыть уши, шею, полоскать рот.
- Остатки ядов, не использованных при выполнении дневного задания, необходимо сдавать на склад.
- Для оказания первой помощи на месте работы должна быть аптечка с набором необходимых средств оказания помощи в случаях отравления ядохимикатами.
- При перевозке ядохимикатов категорически запрещается перевозить вместе с ядохимикатами людей, а также пищевые и фуражные продукты. Машины после перевозки ядохимикатов должны быть тщательно вычищены и обезврежены.
- В предупреждении случаев производственных (профессиональных отравлений) большую роль играют обязательные предварительные медицинские осмотры лиц, поступающих на работы, где имеется контакт с токсическими веществами, и последующие периодические медицинские осмотры этих лиц, с целью выявления нарушений со стороны здоровья рабочих.
- Рабочие (механизаторы и др.), обслуживающие машины, должны быть проинструктированы о правилах и мерах предосторожности при обращении с ядохимикатами.

В быту использовать ядохимикаты нужно строго по инструкции, придерживаясь определенных правил, хранить в недоступных для детей и домашних животных местах. Если препарат вызывает у вас сомнение, лучше его не использовать.

К числу общих признаков отравления ядохимикатами относится рвота, тошнота, головная боль и боль в животе, нарушение дыхания, сердечной деятельности, судороги, явления полиорганной недостаточности, т.е. одновременное или последовательное поражение нескольких систем с первоначальным преобладанием симптомов отказа одной из них.

При первых признаках отравления необходимо вызов скорой помощи.

Только соблюдение всех вышеуказанных правил, может предотвратить отравление пестицидами.

Е.Сейсембинов,
Руководитель УСЭК
Ескельдинского района
Д.Бектенов,
Ведущий специалист

ЖЕТИСУ ОБЛЫСЫНДАҒЫ БІЛІМ БЕРУ ҰЙЫМДАРЫНЫҢ ТЕК ТӨРТТЕН БІРІ ҒАНА АТТЕСТАТТАУДАН ӨТТІ

Жетісу облысының білім саласында сапаны қамтамасыз ету департаменті өткен жылғы қызметінің қорытындысын БАҚ өкілдерімен кездесуде жариялады. Тексеріс нәтижелері өңірдегі білім беру ұйымдарының инфрақұрылымы мен білім сапасында бірнеше жүйелі мәселелердің бар екенін айқындап берді.

Өткен жылы облыс бойынша жоспарланған 106 білім беру ұйымы (50 балабақша мен 56 мектеп) мемлекеттік аттестаттаудан толық өткізілді. Алайда, нәтиже көңіл көншітпейді. Мектепке дейінгі ұйымдардың тек 22%-ы ал мектептердің 25%-ы ғана мемлекеттік стандарт талаптарына сай болып шықты. Әсіресе Ескелді, Алакөл және Көксу аудандарындағы мекемелердің басым бөлігі аттестаттаудан өте алмай, тиісті талаптарға сәйкес келмеген.

Аттестаттаудан өтпеген 38 балабақша мен 32 мектепте қайта тексеру жұмыстары жүргізілді. Оның қорытындысы бойынша кейбір нысандар 2026 жылға арналған профилактикалық бақылау тізіміне енгізілсе, енді бірінің аттестаттау мерзімі келесі жылдың сәуір-маусым айларына шегерілді.

Департамент басшысының мәліметінше, білім ұйымдарындағы басты мәселелер – инфрақұрылымның тозуы мен материалдық базаның жетіспеушілігі. Мәселен, облыстағы 14 мектепте оқушы орнының тапшылығы сезілсе, 33 мектепте спорт залы мүлдем жоқ. Сонымен қатар, 38 мектеп заманауи талаптарға сай емес, бейімделген ғимараттарда жұмыс істеп тұр. Тіпті 15 мектеп ғимараты мен 4 мектеп асханасында санитарлық-эпидемиологиялық қорытындының болмауы балалардың қауіпсіздігіне қатысты сұрақтар туындатқан.

Бақылау шаралары барысында әкімшілік құқық бұзушылықтар да тіркелді. Өткен жылы жалпы сомасы 771 420 теңгеге жететін 10 әкімшілік іс қозғалды. Оның ішінде мектеп формасы талаптарын сақтамау, балалардың себепсіз сабақтан қалуы және құқыққа қарсы әрекеттер туралы хабарламау жағдайлары бойынша айыппұлдар салынды. Сондай-ақ, Сарқан және Алакөл аудандарындағы екі білім беру мекемесі біліктілік талаптарына сай келмегені үшін әрқайсысы 45 АЕК көлемінде айыппұл төледі.

Лицензиялау саласында да қатаң сүзгі жұмыс істеп тұр. Жыл басынан бері түскен 432 өтініштің тек 3-еуіне ғана жаңа лицензия беріліп, 57 өтініш біліктілік талаптарына сай келмегендіктен кері қайтарылған. Ал жекеменшік мектептер секторында 6 мекеме жұмыс істеп жатқанымен, олардың педагогтер құрамының сапалық көрсеткіші төмен екені анықталды.

Департамент алдағы 2026 жылы 72 балабақшаны аттестаттаудан өткізуді және педагогтердің құқығын қорғауды, инфрақұрылымды жаңғыртуды басым бағыт ретінде ұстанбақ. Қазіргі таңда «Педагогтерді қолдау» арнайы Telegram-чаты арқылы 3,5 мыңнан астам маманмен тікелей байланыс орнатылып, еңбек және әлеуметтік мәселелер бойынша түсіндіру жұмыстары үздіксіз жүргізілуде

ЖЕТИСУДА АУЫЛ ЖАСТАРЫ ӨЗДЕРІНІҢ IT-СТАРТАПТАРЫН ТАНЫСТЫРДЫ



Өңірді цифрландыру жолындағы маңызды кезеңдердің бірі – Жетісу облысының Балпық би ауылында өткен «Digital Keuen» көшпелі интенсиві сәтті аяқталды. Іс-шараға қатысқан 35 жасқа дейінгі жастар болашақ технологияларды меңгеріп, оларды туған өлкесінің дамуына қолдануға мүмкіндік алды.

Облыстық цифрлық технологиялар басқармасының мәліметінше, оқу бағдарламасы саланың сарапшылары жүргізген екі негізгі бағытқа бөлінді: жасанды интеллект және стартап-ойлау.

Спикер Маржан Мүлкібаева нейрожелілермен жұмыс істеудің практикалық мысалдарын ұсынды. Қатысушылар AI құралдарын күнделікті тапсырмаларды автоматтандыруға және жеке өнімділікті арттыруға қалай қолдануға болатынын үйренді.

Ал Айгерім Шаймерденованың жетекшілігімен жастар идея генерациясынан бастап, толыққанды бизнес-модель құруға дейінгі жолдан өтті. өміршең технологиялық жобаларды жасау әдістемесіне басты назар аударылды.

Практикалық қорытынды интенсивтің басты ерекшелігі деуге болады. Бағдарлама соңында әр қатысушы өз жобасын дайындап, қорғады. Қорытынды питчинг барысында әлеуметтік бастамалардан бастап агросекторға арналған цифрлық сервистерге дейінгі түрлі бағыттағы шешімдер ұсынылды.

- Біз Ескелді ауданындағы жастардың әлеуеті зор екенін көрдік. Бір күннің ішінде олар тек теориямен танысып қана қоймай, өз идеяларын дайын презентацияларға айналдыра алды. Бұл талантты әрі креативті болудың географияға тәуелді емес екенін көрсетеді, - деп атап өтті ұйымдастырушылар.

2026 жыл Қазақстандағы цифрлық трансформация қарқынының жоғары екенін тағы да дәлелдеп отыр. «Digital Keuen» жобасы ауыл жастарының жаһандық технологиялық үрдістерге белсенді түрде қосылуға дайын екенін айқындады.

Үйренген дағдылар қатысушыларға тек бәсекеге қабілетті маман болуға ғана емес, сонымен қатар өз өңірінде жаңа жұмыс орындарын құрып, жергілікті стартап экожүйесін дамытуға мүмкіндік береді.

Жетісу облысы әкімінің баспасөз қызметі.

АЛАЯҚТЫҚТЫҢ АЛДЫН АЛУ – ҚОҒАМ ҚАУІПСІЗДІГІНІҢ КЕПІЛІ



Қазіргі таңда алаяқтық қылмыстары қоғам үшін өзекті мәселелердің біріне айналып отыр. Ақпараттық технологиялардың қарқынды дамуы алаяқтарға жаңа мүмкіндіктер ашып, азаматтарды алдау тәсілдерін күрделендіріп жіберді. Осыған байланысты тұрғындардың құқықтық сауаттылығын арттыру – басты міндеттердің бірі.

Бақтыбай ауылдық округі әкімінің аппараты мемлекеттік мекемесі тұрғындарды алаяқтық әрекеттерден сақ болуға шақырады. Соңғы уақытта интернет арқылы жасалатын алаяқтық, жалған банк қызметкерлері атынан қоңырау шалу, әлеуметтік желілер арқылы жалған хабарламалар тарату жағдайлары жиілеп отыр.

Егер сізге ұялы байланыс телефоны арқылы банктен қоңырау шалып, меңеджер немесе қауіпсіздік қызметінің қызметкерімін деп таныстырып, Сіз туралы немесе сіздің шотыңыз туралы мәліметтерді сұрастырып жатады. Егер сіз осы ақпаратты алаяқтарға телефон арқылы хабарласаңыз, ақша қаражаты дереу банк картасынан алынады. Осындай жағдайда сөйлесуді тоқтатып, өз банкіңіздің жедел желісіне дереу қоңырау шалып, осы жағдай туралы хабарлау қажет. Банктің бірде - бір қызметкері клиенттерге қоңырау шалмайды және құпия деректерге қызығушылық танытпайды.

Осыған орай, келесі қауіпсіздік шараларын қатаң сақтауды ұсынамыз:

- Бейтаныс адамдарға жеке деректеріңізді бермеңіз;
- Банк картасының мәліметтерін, CVV-кодты және SMS арқылы келген құпия кодтарды ешкімге хабарламаңыз;
- Күмәнді сілтемелерге өтпеңіз және белгісіз қосымшаларды жүктемеңіз;
- Кез келген күмәнді қоңыраулар мен хабарламалар бойынша ресми мекемелерге хабарласып, ақпараттың растығын тексеріңіз;
- Интернет арқылы сауда жасағанда тек сенімді және тексерілген платформаларды пайдаланыңыз.

Егер сіз алаяқтық әрекеттердің құрбаны болсаңыз немесе күмәнді жағдайға тап болсаңыз, дереу құқық қорғау органдарына хабарласу қажет.

Қоғам болып бірлесе әрекет ету арқылы ғана біз алаяқтықтың алдын алып, қауіпсіз орта қалыптастыра аламыз. Әр азамат өзінің қауіпсіздігіне жауапкершілікпен қарауы тиіс.

М.Серік,
« Бақтыбай ауылдық округінің әкімі аппараты»
мемлекеттік мекемесінің жетекші маманы

ЕВРОПЕЙСКАЯ НЕДЕЛЯ ИММУНИЗАЦИИ 2026

С 24 по 30 апреля 2026 года по инициативе Европейского регионального бюро Всемирной организации здравоохранения в странах Европейского региона, в том числе и в Республике Казахстан, пройдет Европейская неделя иммунизации (далее – ЕНИ), под лозунгом «Вакцины работают для каждого поколения».

Вакцинация - это, пожалуй, самый мощный инструмент в истории медицины. За полвека вакцины спасли свыше 150 миллионов жизней. Это произошло не само собой, а благодаря миллионам решений обычных людей защитить своих близких. Только представьте: 6 спасенных жизней в минуту, каждый день, на протяжении 50 лет.

За этой цифрой стоят самоотверженные медики, ответственные родители и целые сообщества. Это результат выбора многих поколений в пользу будущего без кори, дифтерии, коклюша и полиомиелита.

Всемирная организация здравоохранения с 2005 года проводит Европейскую неделю иммунизации, которая призвана привлечь внимание к проблеме иммунизации. Мероприятие проводится ежегодно в конце апреля с целью повышения уровня информированности населения и пропаганды иммунизации в рамках всего Европейского региона ВОЗ.

Основная задача Европейской недели иммунизации - формирование у населения понимания, что каждый человек нуждается в защите от болезней, предупреждаемых средствами специфической профилактики, и имеет на это право.

На сегодня приоритетным направлением здравоохранения в профилактике инфекционных заболеваний является вакцинация. Защита от инфекции при помощи иммунизации известна уже многие сотни лет. Благодаря наличию высокоэффективных и безопасных вакцин удалось ликвидировать ряд тяжелых инфекционных заболеваний, приводящих к летальным исходам, эпидемиям, обеспечить коллективную защиту от инфекций и эпидемическое благополучие населения.

Тем не менее, прогресс, достигнутый усилиями нескольких поколений, находится под угрозой. Ежегодно по области Жетісу почти 500 детей не получают необходимые им вакцины, при этом более 70% из них не получили ни одной дозы. Не сегодня ложная и вводящая в заблуждение информация о здоровье становится еще одной серьезной угрозой. Это касается не только этих детей, но и людей во всем мире, стремящихся принимать верные решения относительно своего здоровья и здоровья своих семей.

Хотя дезинформация о вакцинах существует с тех пор, как вакцины впервые появились, она распространяется широко и угрожает доверию. Исследования показывают, что даже мимолетное столкновение с ложной информацией может заставить людей усомниться в безопасности вакцин. Это касается даже тех родителей, которые ранее уже успешно вакцинировали своих детей.

Благодаря высокому охвату прививками населения в области Жетісу на протяжении ряда лет не регистрировались случаи заболеваний дифтерией, полиомиелитом, значительно снизилась заболеваемость краснухой, острыми формами вирусного гепатита В, эпидемическим паротитом.

В области из числа регистрируемых инфекционных и паразитарных болезней, на долю только пяти болезней, управляемых средствами иммунопрофилактики (эпидемический паротит, коклюш, корь, вирусный гепатит А, В), приходится 1,5% всех случаев заболеваний.

Угроза заболеваний, которые можно предупредить посредством иммунизации, полностью не исчезла. В мире, к сожалению, ежегодно умирает около одного миллиона детей, которые не были привиты от инфекционных заболеваний. Иммунизация играет важную роль в сохранении здоровья населения.

В то время, как развивающиеся страны борются за то, чтобы получить вакцины для детей, в развитых странах возникают другие проблемы: население успокоилось в связи с низким уровнем заболеваемости детей и взрослых, родители необоснованно отказываются от проведения прививок детям. Эти лживые убеждения могут привести к росту случаев таких заболеваний, как дифтерия, корь, коклюш, эпидемический паротит, в чем мы имели возможность убедиться в период с 2023 года и по сей день на примере возникновения случаев заболевания корью, коклюшем. В области Жетісу в 2023 году зарегистрировано 576 случаев кори, в 2024 году-727, коклюша-177. За 2026г. в области зарегистрировано 87 случаев кори. Из – них 80% заболевших корью, 92% коклюшем приходится на не привитых детей и лиц с неизвестным прививочным статусом.

Однако, многими родителями прививки расцениваются, как нечто формальное, навязанное медиками, зачастую без понимания оздоровительного характера вакцинопрофилактики, что приводит к увеличению необоснованных отказов от вакцинации. Все родители заинтересованы в благополучии и здоровье своего ребенка, и это должно быть основой формирования позитивного отношения к вакцинопрофилактике, как части здорового образа жизни. Только активное отношение родителей к здоровью своих детей и сотрудничество с медицинским работником позволяют сформировать доверие к вакцинопрофилактике.

Известно, что затраты на вакцинацию против любой инфекции, эпидемиологическая эффективность которой доказана, примерно от 10 до тысячи раз меньше, чем затраты необходимые на лечение данного заболевания.

В рамках недели иммунизации будут организованы мероприятия по выявлению и взятию на учет прибывших из других республик и регионов, лиц проживающих без прописки, в т.ч. на дачных участках, незаконных поселениях и новостройках; не имеющих постоянного места жительства и членов религиозных общин. Среди населения будет проводиться информационно - разъяснительная работа об эффективности и безопасности вакцин, формирования доверительного отношения к иммунизации, охвату профилактическими прививками в соответствии «Национального календаря» Республики Казахстан.

Вакцинуя ребенка сейчас, Вы предупреждаете не только развитие самого заболевания, но, что гораздо важнее, возникновение тяжелейших осложнений. Помогите ребенку сейчас, пока он еще не инфицирован! Сделайте его будущую жизнь более безопасной, подарите себе радость иметь здоровых внуков! Неделя иммунизации – Ваш шанс защитить своего ребенка и себя уже сегодня!

Е.Сейсембинов
Руководитель Ескельдинского райУСЭК

В ЭТОМ ГОДУ В ОБЛАСТИ ВВЕДУТ В ЭКСПЛУАТАЦИЮ 67 НОВЫХ ОБЪЕКТОВ



В текущем году бюджет управления строительства достиг 59 млрд тенге, и по итогам первых трех месяцев успешно освоено 99% средств. До конца года в регионе планируется запуск 67 социальных и инфраструктурных объектов. Об этом сообщил заместитель руководителя управления строительства области Жетісу Санжар Кабдыбек.

Финансирование строительных работ осуществляется из нескольких источников. Наибольшая доля приходится на местный и республиканский бюджеты. Также значительные средства выделены из специальных государственных фондов, предназначенных для

поддержки сферы здравоохранения и образовательной инфраструктуры.

В 2026 году ведется строительство в общей сложности 71 объекта и проектные работы по 21 проекту. В числе 67 объектов, которые должны быть сданы до конца года: 12 жилых домов и 27 инженерно-коммуникационных сетей, 12 объектов здравоохранения, 6 школ и 6 домов культуры, 1 спорткомплекс, 1 пожарное депо и 2 объекта сельского хозяйства.

Кроме того, полностью завершено и введено в эксплуатацию новое пожарное депо в поселке Балпык би Коксуского района.

Управление направило дополнительную бюджетную заявку на предстоящий период в размере 109 млрд тенге. Большая часть этих средств будет направлена на строительство 11 новых школ и капитальный ремонт 4 школ. Также средства запрашиваются на строительство и приобретение жилья.

В дальнейшем управление строительства намерено отдать приоритет внедрению энергоэффективных технологий и строгому контролю качества работ.

СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ МОНИТОРИНГ

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мониторинг – сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл субъектілерінің сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясаттың тиімділігіне, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы құқық қолдану практикасының жай-күйіне, сондай-ақ қоғамның сыбайлас жемқорлық деңгейін қабылдауы мен бағалауына қатысты ақпаратты жинау, өңдеу, жинақтап-қорыту, талдау және бағалау жөніндегі қызметі.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мониторингтің мақсаты – сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы құқық қолдану практикасын бағалау болып табылады. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мониторингтің дереккөздері – құқықтық статистика мен жеке және заңды тұлғалардың өтініштері, үкіметтік емес және халықаралық ұйымдардың мәліметтері, әлеуметтік сұрау жүргізу деректері мен бұқаралық ақпарат құралдарындағы жарияланымдар, сондай-ақ заңмен тыйым салынбаған өзге де ақпарат көздері болып табылады.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мониторингтің нәтижелері сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне талдау жүргізу, сондай-ақ сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыруға бағытталған шараларды жетілдіру үшін негіз болып табылуы мүмкін.

Құрметпен, Ескелді ауданы бойынша
Мемлекеттік кірістер Басқармасы !

ИНФОРМАЦИЯ О ЦЕЛЕВЫХ ТРЕБОВАНИЯХ И НАКОПЛЕНИЯХ: РАЗЪЯСНЕНИЕ ЗАКОННЫМ ПРЕДСТАВИТЕЛЯМ УЧАСТНИКОВ ПРОГРАММЫ «НАЦФОНД-ДЕТЯМ»



В связи с поступлением в ЕНПФ обращений законных представителей по вопросу отсутствия отображения в личном кабинете на портале электронного правительства eGov.kz, а также в мобильных приложениях eGov Mobile и банков второго уровня информации о целевых требованиях, начисленных их детям за 2025 отчетный год, ЕНПФ поясняет, что указанная ситуация может быть обусловлена следующими причинами:

- Отсутствие обновления документов в мобильных приложениях. Для корректного отображения информации необходимо обновить документы, следуя по пути:
 - в приложении eGov Mobile: «Цифровые документы» - «Семья» - «Обновить список документов» - «Начисления из НАЦФОНДА»;
 - в мобильных приложениях банков второго уровня, например, в Kaspi.kz: «Госуслуги» - «Все документы» - «Обновить список документов» - «Начисления из НАЦФОНДА».

- Отсутствие сведений о начислении целевых требований детям, достигшим либо достигающим 18-летнего возраста в текущем году. В данном случае информация не отображается в личном кабинете законного представителя в связи с тем, что целевые требования обрели статус целевых накоплений (ЦН) и теперь право доступа к сведениям о них доступно непосредственно получателю ЦН (гражданину, достигшему или достигающему 18-летнего возраста в 2026 году).

Напомним, что целевые требования граждан, которым исполняется 18 лет в отчетном году, становятся ЦН и в начале года автоматически зачисляются в донорах США на их целевые накопительные счета (ЦНС) в ЕНПФ. С даты достижения своего 18-летия молодые люди имеют право самостоятельно использовать свои целевые накопления на улучшение жилищных условий и/или на получение образования, либо сохранить на будущее как пенсионные сбережения.

При этом получатели ЦН должны самостоятельно получать информацию о своих ЦН посредством их личного кабинета на интернет-ресурсах ЕНПФ либо электронного правительства. ЕНПФ согласно казахстанскому законодательству гарантирует тайну ЦН, включая сведения об остатках и о движении денег на их ЦНС.

ЕНПФ рекомендует законным представителям своевременно обновлять цифровые документы в мобильных приложениях, а также при необходимости разъяснять детям, достигшим совершеннолетия, порядок самостоятельного доступа к информации о ЦН.

Информацию о факте участия ребенка в программе и начисленных целевых требованиях детям до 18 лет родители или другие законные представители несовершеннолетнего могут также проверить на специально созданном сайте kids.enpf.kz по ИИН ребенка, где можно ознакомиться с условиями программы, получить инструкции, ответы на интересующие вопросы.

ЕНПФ создан 22 августа 2013 года на базе АО «НПФ «ГНПФ». Учредителем и акционером ЕНПФ является Правительство Республики Казахстан в лице ГУ «Комитет государственного имущества и приватизации» Министерства финансов Республики Казахстан. Доверительное управление пенсионными активами ЕНПФ осуществляет Национальный Банк Республики Казахстан. В соответствии с пенсионным законодательством ЕНПФ осуществляет привлечение обязательных пенсионных взносов, обязательных пенсионных взносов работодателя, обязательных профессиональных пенсионных взносов, добровольных пенсионных взносов, а также зачисление и учет добровольных пенсионных взносов, сформированных за счет неустраиваемой суммы гарантийного возмещения по гарантируемому депозиту, перечисленной организацией, осуществляющей обязательное гарантирование депозитов, в соответствии с Законом Республики Казахстан "Об обязательном гарантировании депозитов, размещенных в банках второго уровня Республики Казахстан", обеспечивает осуществление пенсионных выплат. Также Фонд осуществляет учет целевых активов и целевых требований, учет и зачисление целевых накоплений (ЦН) на целевые накопительные счета, выплат ЦН их получателю на банковские счета, учет возвратов ЦН в порядке, определенном Правительством Республики Казахстан в рамках программы «Национальный фонд – детям». (Подробнее на www.enpf.kz).

ЕҢБЕК ЕРІ - ЕЛ МАҚТАНЫШЫ



Жалғызғаш ауылдық кітапханасында «Еңбек ері- ел мақтанышы» атты тақырыпта оқушылар арасында тұлғатану сағаты өткізілді. Тұлғатану сағатымыз қазақ халқының еңбекқор, ел дамуына зор үлес қосқан азаматтарының бірі- Нұрмолда Алдабергеновтің 120 жылдығына арналады.

Әр дәуірде қоғамның дамуына ықпал еткен тұлғалар болады. Олар елдің өсіп-өркендеуіне, халықтың әл-ауқатының жақсаруына өз үлесін қосады. Осындай еңбегімен танылған тұлғалардың бірі- Нұрмолда Алдабергенов. Ол- қарапайым еңбек адамы бола тұра, өз ісіне деген адалдығы мен табандылығы арқылы халықтың құрметіне ие болған азамат.

Нұрмолда Алдабергенов 1905 жылы Жетісу өңірінде дүниеге келген.

Балалық шағы қиын кезеңдермен тұспа-тұс келді. Сол уақыттағы көптеген жастар сияқты ол да ерте жастан еңбекке араласты. Табандылығы мен еңбекқорлығының арқасында ол ауыл шаруашылығы саласымен еңбекке деген жауапкершілігі көптеген жетістіктерге жетуге мүмкіндік берді. Халық оның еңбегін жоғары бағалап, үлкен құрмет көрсетті. Ол өз еңбегі арқылы ауыл шаруашылығы саласының дамуына, халықтың тұрмыс жағдайының жақсаруына үлес қосты. Қазақ халқы еңбекті әрқашан жоғары бағалаған. Нұрмолда Алдабергенов сияқты еңбек адамдары елдің дамуына, халықтың тұрмыс жағдайының жақсаруына үлкен үлес қосты.

Нұрмолда Алдабергенов ауыл шаруашылығын дамытуға ерекше еңбек сіңірген тұлға болды. Ол басқарған шаруашылықтарда еңбек өнімділігі артты, жаңа әдістер енгізілді. Оның ұйымдастырушылық қабілеті мен еңбекке деген жауапкершілігі көптеген жетістіктерге жетуге мүмкіндік берді. Халық оның еңбегін жоғары бағалап, үлкен құрмет көрсетті. Ол өз еңбегі арқылы ауыл шаруашылығы саласының дамуына, халықтың тұрмыс жағдайының жақсаруына үлес қосты. Қазақ халқы еңбекті әрқашан жоғары бағалаған. Нұрмолда Алдабергенов сияқты еңбек адамдары елдің дамуына, халықтың тұрмыс жағдайының жақсаруына үлкен үлес қосты.

Нұрмолда Алдабергенов – еңбекқорлықтың, табандылықтың, елге адал қызмет етудің үлгісі. Оның өмір жолы бізге еңбектің қадірін түсінуді үйретеді. Осындай тұлғалардың өмірін білу- тарихты тану, ал тарихты тану- болашаққа дұрыс бағыт деген сөз.

Г.Сыдыкова,
Жалғызғаш ауылдық кітапханасының кітапханашысы

ҰЛТ ҰРАНЫ БОЛҒАН БАТЫР – ЖАҚСЫЛЫҚ ҮШКЕМПІРОВ

Жақсылық Үшкемпіров – тек спортшы ғана емес, елін сүйген азамат, еңбекқор тұлға. Қазақ елін әлемге танытуға қосқан үлесі зор. Әугілі спортшы өмір жолында үлкен марапаттарға ие болды. Ол қазақ спортының тарихында өзіндік із қалдырып, мағыналы ғұмыр кешті. Спорттағы жетістіктерімен қатар, ол кейінгі жылдары ауыл шаруашылығын дамытуға да өз үлесін қосып, туған жерінің өркендеуіне еңбек етті. Мектепте жүргенде білекті бозбала қазақтың ұлттық күресімен айналысқан. Кейін бокс жаттығуларын қосты.

Қайнарлы ауылдық кітапханасы оқырмандар арасында қазақ халқының даңқты спортшысы, Олимпиада чемпионы, Халық қаһарманы Жақсылық Үшкемпіровтің туғанына 75 жыл толуына арналған танымдық шара ұйымдастырды. Кітапхана ұйымдастырған танымдық шарада батырдың спорттық жетістіктері, өмір жолы мен еңбектері туралы мәліметтер оқырман назарына ұсынды. Қатысушылар Жақсылық Үшкемпіровтің қайсар мінезін, қарапайымдылығын және елге деген сүйіспеншілігін үлгі етті.

Шара барысында оқырмандар батырдың өмір жолымен танысып, оның спорттағы жетістіктері мен ел абыройын асқақтатқан жеңістері туралы кеңінен мағлұмат алды. 1980 жылы 1980 жылғы Мәскеу Олимпиадасы кезінде грек-рим күресінен алтын медаль жеңіп алуының табандылығы мен қайсарлығының айқын дәлелі ретінде айтылды.

Шарадағы басты мақсат- жас ұрпақты салауатты өмір салтына, отансүйгіштікке және табандылыққа тәрбиелеу. Жақсылық Үшкемпіровтің есімі – ел жадында мәңгі сақталып, кейінгі ұрпаққа рух беретін тұлға болып қала береді.



Ақнұр Нұратайқызы,
Қайнарлы ауылдық кітапханасының кітапханашысы

КӨККЕ САМҒАҒАН ҚАЙСАР РУХ



Кең байтақ қазақ даласының төсінде туып, көк аспанды арман еткен талай ұлдың бірі- Талғат Мұсабаев еді. Бірақ оның арманы өзгелерден биік болды. Ол тек ұшуды ғана емес, шексіз ғарышты бағындыруды мақсат етті. Сол арманына адал еңбегі мен қайсарлығы арқылы жетті. Бала күнінен көкке көз тігіп, қиялға ерік берген Талғат ер жеткенде сол арманын ақиқатқа айналдырды. Ұшқыш болу жолында талай сынақтан өтті, білімін шыңдады, тәжірибе жинады. Табандылық пен төзімнің арқасында ол ғарышкерлер қатарына қосылып, адамзат баласының ең биік белестерінің бірін бағындырды.

Ғарыш – кез келгеннің өншісіне бұйыра бермейтін тылсым әлем. Сол әлемге үш мәрте сапар шегіп, жүздеген күнін көк кеңістікте өткізген Талғат Мұсабаев – ерлік пен еңбектің символы. Әрбір ұшуы – тек ғылыми жетістік емес, қазақ елінің мәртебесін асқақтатқан тарихи сәт болды.

Талғат Мұсабаевтың есімі – батыллықтың, табандылықтың, адал еңбектің айқын көрінісі. Ол тек ғарышкер ғана емес, ұлт рухын көтерген тұлға. Оның жетістігі – бүгінгі жас ұрпаққа жол көрсететін шамшырақ. Елге оралған соң да ол халыққа қызмет етуден танбады. Ғарыш саласының дамуына үлес қосып, жастарға бағыт-бағдар берді. Оның өмір жолы – «еңбек етсең, емерсің» деген халық даналығының нақты дәлелі.

Осындай ел тарихында есімі алтын әріппен жазылған тұлға туралы Жастар ауылдық кітапханасында «Көкке самғаған қайсар рух» атты тұлғатану сағаты өткізілді. Шараның мақсаты – ұшқыштың ерлігі мен өмір жолын оқырмандарға насихаттау.

Көкке самғаған қырандай қайсар рух иесі Талғат Мұсабаев – қазақ елінің мақтанышы. Оның ерлігі мен еңбегі ұрпақ жадында мәңгі сақталып, талай жасқа арман сыйлай бермек.

Ә.ҚҰСАЙНОВА,
Жастар ауылдық кітапханасының кітапханашысы

ЕЛ ТАҒДЫРЫ – ТАРИХИ ШЫҒАРМА АЙНАСЫНДА



18 наурыз күні Ескелді ауданы Көкжазық ауылдық кітапханасында «Бір ел – бір кітап» республикалық акциясы аясында көрнекті жазушы Қабдеш Жұмаділовтың «Соңғы көш» романына арналған «Ел тағдыры – тарихи шығарма айнасында» атты тұлға тану сағаты ұйымдастырылды.

Іс-шараның негізгі мақсаты- оқырмандарды қазақ әдебиетінің көрнекті туындысымен таныстыру, шығармадағы ел тағдыры, тарихи кезеңдер мен ұлттық болмыс туралы терең түсінік қалыптастыру болды. Кітапхана оқырмандары жазушының өмір жолы мен шығармашылығы жайлы мағлұмат алып, «Соңғы көш» романындағы оқиғалар желісі мен кейіпкерлер тағдырына талдау жасады.

Аталған шығарма – қазақ халқының күрделі тарихи кезеңдерін, елдің көші-қонын, тағдыр тауқыметін шынайы бейнелеген құнды туынды. Романдағы кейіпкерлер арқылы ұлттың рухы, бірлігі мен болашаққа деген үміті көрініс табады. Іс-шара барысында оқушылар романнан үзінділер оқып, өз ой-пікірлерін ортаға салды.

Кітапхана қызметкерлері тақырыпқа сай кітап көрмесін ұйымдастырып, қатысушыларға жазушының басқа да еңбектерін таныстырды. Сонымен қатар, әдеби талқылау барысында жастар ұлттық құндылықтарды дәріптеудің маңызын түсініп, тарихқа деген қызығушылықтарын арттырды.

Осындай рухани-мәдени іс-шаралар жас ұрпақтың кітап оқуға деген қызығушылығын арттырып қана қоймай, ұлттық сананы қалыптастыруға үлкен үлес қосады.

Мария Сандұғашқызы,
Көкжазық ауылдық кітапханасының кітапханашысы

МЕКТЕПАЛДЫ ДАЯРЛЫҚТА БАЛАНЫҢ ТАНЫМДЫҚ ҚАБІЛЕТІН ДАМУЫ ЖОЛДАРЫ



Қазіргі таңда білім беру жүйесінде мектепалды даярлық кезеңіне ерекше мән беріледі. Себебі дәл осы кезеңде баланың танымдық қабілеттері қалыптасып, оның болашақтағы оқу жетістігінің негізі қаланады. Сондықтан әрбір мұғалімнің басты міндеті – баланың

ойлау, есте сақтау, зейін және қиял қабілеттерін жан-жақты дамыту.

Танымдық қабілет – баланың қоршаған ортаны танып-білуге деген қызығушылығы мен оны түсіну деңгейі. Мектепалды жастағы балалар үшін бұл қабілеттер ойын арқылы, тәжірибе жасау арқылы және қарым-қатынас барысында дамиды.

Ең тиімді әдістердің бірі – ойын технологиялары. Ойын барысында бала еркін ойлап, өз ойын ашық жеткізеді. Мысалы, «Артық затты тап», «Не өзгерді?» сияқты дидактикалық ойындар баланың логикалық ойлауын дамытады. Сонымен қатар, рөлдік ойындар арқылы балалар қоршаған ортаны танып, әлеуметтік дағдыларын қалыптастырады.

Көрнекілік әдісі де маңызды орын алады. Түрлі суреттер, карточкалар мен бейнематериалдар баланың қызығушылығын арттырып, ақпаратты тез қабылдауына көмектеседі. Ал шығармашылық тапсырмалар – сурет салу, құрастыру, мүсіндеу – баланың қиялын дамытып, өз бетімен жұмыс жасауға үйретеді. Сонымен қатар, қарапайым зерттеу жұмыстары мен тәжірибелер баланың танымдық белсенділігін арттырады. Табиғат құбылыстарын бақылау, су мен құммен тәжірибе жасау арқылы бала қоршаған ортаны тереңірек түсінеді.

Баланың танымдық қабілетін дамытуда ата-ананың рөлі де ерекше. Үйде баламен бірге кітап оқу, сұрақтар қою, дамытушы ойындар ойнау – баланың дамуына үлкен әсер етеді.

Қорытындылай келе, мектепалды даярлық кезеңінде баланың танымдық қабілетін дамыту – сапалы білімнің алғашқы қадамы. Мұғалім мен ата-ананың бірлескен еңбегі арқылы ғана бала жан-жақты дамыған тұлға болып қалыптасады.

З.Ж.Жақаева

ЕРТЕГІНІҢ БАЛАҒА ҚАНДАЙ ПАЙДАСЫ БАР



«Бала кезде үш жастан он екі жасқа дейінгі аралықта әр адам өзінің рухани дамуына қажетті нәрсенің бәрін де ертегіден алады», – дейді Ы.Алтынсарин. Расымен де, бала тәрбиесінде ертегінің атқарар рөлі үлкен.

Ертегілерді баяғы заманнан бері тәрбие құралы ретінде қазақ халқы ғана емес, барлық ұлт, бүкіл ел қолданып келеді. Ал ертегіні балаға оқудың пайдасын айтар болсақ: ол бала мен ата-ана арасындағы «арақашықтықты» жақынатады, бала мен ата-ананың бір-біріне деген байланысын бекітуге мүмкіндік береді, баланың рухани жан дүниесін байытады, сонымен қатар еңбексүйгіштік, адамгершілік қасиеттеріне тәрбиелейді.

Психологтардың айтуынша, ертегі тыңдамаған баланың тілі кеш шығады, өзі жасқаншақ болып өседі. Негізінен ертегіні баланы ұйықтату үшін емес, тәрбиелеу үшін қолданған жөн. Мысалы, баланы тазалыққа, ойыншықтарын жинауға, тісін тазалауға үйрету үшін, оған

Жалқаубек туралы ертегі, ал оның өтірік сөйлегенін байқасаңыз, онда айлакер түлкіден достарының теріс айналғаны және т.б. осы секілді ертегілерді айтуға болады. Өзіне сенімсіз, агрессивті балаларға сенімділігін күшейтетін, қайырымдылыққа баулитын ертегілерді айту керек.

Балаға ұйықтар алдында ертегі айтып беру дәстүрі бала үшін де, өзінің үшін де пайдалы деп жатады. Неліктен? Ғалымдардың зерттеу нәтижелері бойынша, балаға ұйықтар алдында 15 минут бойы ертегі айтып берсеңіз, балаңыз тәрбиелі, ашық, батыл, ақыл тыңдайтын, ұқыпты болып өседі. Әрине «бос сөз» деп санауыңыз мүмкін, ал негізінде ол ертегі оқымаудың сылтауы ғана. Ертегіні тыңдап болғаннан кейін оны талқыласаңыз, баланың өз бетімен оқуға ынтасы пайда болады. Әрі ойлау қабілеті дамып, сөздік қоры арта түспек.

Ертегі – баланың тілін жетілдіреді. Ертегі жетіктерінің басынан

өтетін оқиғалары арқылы бала күнделікті өмірінде болып жатқан оқиғаларды талдай білуді және әлемді түсінуді үйренеді. Ертегілік әлем түсінуге жеңіл: жақсы мен жаманның арасы анық. Сонымен қатар баланың ойлау қабілетінде маңызды нәрселер де көрініс табады. Яғни, жомарттылық пен сараңдық, жақсылық пен жамандық, менмендік пен бауырмалдық деген мәселелер көтеріліп, негізгі идея ретінде баяндалады. Балалар өздерін ертегі кейіпкерлеріне теңеп, соларға еліктейді. Өзіне ұқсас кейіпкерді, бейсаналы түрде таңдап, соның әрекеттерін қайталауға тырысады. Жалпы ертегілер тәрбиенің негізгі құралы болғандықтан, оқитын ертегіні таңдауда мұқият болған абзал.

Ертегі оқу – баланы тыныштан-дырып, позитивке бағыттаудың әдісі. Бала ешуақытта негативті көңіл-күйде ұйықтамауы керек. Ертегінің соңы жақсы аяқталуы керек екенін де ескеріңіз. Ертегіде жақсылық жамандықты жеңіп, бас кейіпкер батыр атанып, бәрі өз орнына келеді. Бұл баланы өмірде бәрі жақсы болатынына, позитивті ойлауға дағдыландырады. Бұл бала үшін өте маңызды екенін ұмытпағайсыз. Ертегі арқылы ақыл-ой және дене еңбегінің барлық түрлерінде, баланы болашақта қоғамдық іс-әрекетке даярлауда, оның сезімдік қабілетін дамыту қажет. Сондықтан да күнделікті сабақ барысында ертегіні пайдаланар болсақ, баланың мінез-құлқына, сезімталдығына әсер етіп, дұрыс тәрбиелеуге үлес қосамыз.

Ельчибекова Жибек
Нурлыбаевна,
Жетісу облысы, Ескелді ауданы
Алдабергенов ауылы
«Қарлығаш» бөбекжай
бақшасы тәрбиешісі

АҚ ӘЖЕЛЕР АНСАМБЛІ – АУДАН МӘДЕНИЕТІНІҢ МӘЙЕГІ



дайындап, көрерменнің көңілінен шығып жүр.

Ұжым мүшелері апта сайын өтетін тұрақты дайындық барысында тек ән үйреніп қана қоймай, дауыс үйлесімділігін, сахналық мәдениетті, ұлттық киім үлгісін сақтау мен оны сахнада дұрыс ұсыну сияқты маңызды қырларға да ерекше мән береді. Бұл – олардың өнерге деген жауапкершілігін көрсететін басты белгі.

“Ақ әжелер” ансамблінің тағы бір ерекшелігі – олардың қоғамдық өмірге белсенді араласуы. Ұжым мүшелері тек концерттік бағдарламалармен шектелмей, қайырымдылық шараларға, мерекелік кездесулерге, әлеуметтік жобаларға қатысып, көпшілікпен тығыз байланыс орнатқан. Әсіресе, ардагерлерге арналған кештер мен отбасылық құндылықтарды насихаттайтын кездесулерде олардың орны бөлек.

Ансамбльдің сахналық бейнесі де ерекше. Олар ұлттық нақыштағы киімдерді үйлесімді пайдаланып, әрбір әннің мазмұнына сай образ қалыптастырады. Бұл көрерменге тек музыкалық емес, эстетикалық әсер де сыйлайды. Сонымен қатар, ұжым мүшелері халық әндерін орындауда олардың түпкі мәнін сақтауға, дәстүрлі нақышын жоғалтпауға ерекше көңіл бөледі.

Репертуар жағынан ансамбль үнемі ізденіс үстінде. Бұрыннан келе жатқан халық әндерімен қатар, олар сирек орындалатын, ұмыт бола бастаған әндерді де жаңғыртып, тыңдарманға қайта ұсынып жүр. Бұл – ұлттық музыкалық мұраны сақтауға қосқан маңызды үлес.

Ансамбль мүшелері әсіресе жастар тәрбиесіне ерекше көңіл бөледі. Олар мектеп оқушыларымен, жастар ұйымдарымен кездесулер өткізіп, ұлттық құндылықтардың маңызын түсіндіреді. Үлкенге құрмет, кішіге ізет, отбасы бірлігі, ананың рөлі сияқты тақырыптарды кеңінен насихаттай отырып, рухани тәрбиенің негізін қалайды.

Сонымен бірге, ансамбль тәжірибесімен бөлісіп, жас өнерпаздарға бағыт-бағдар беруді де назардан тыс қалдырмайды. Жастарға арналған шеберлік сағаттарын өткізіп, дәстүрлі ән айту мәдениетін үйрету арқылы олар өнер сабақтастығын жалғастыруға ықпал етуде.

Ұжымның тағы бір маңызды қыры – рухани тәрбие беру. Олар өз өнерлері арқылы адамгершілік, ынабаттылық, үлкенді сыйлау, ұлттық тәрбие сияқты құндылықтарды дәріптеп, қоғамның рухани дамуына оң әсер етуде. Әрбір сахналық қойылым мен ән – көрерменге ой салатын, тәрбиелік мәні зор дүниелер.

“Ақ әжелер” ансамблі – ұлттық өнердің ғана емес, ұлттық тәрбиенің де тірегі. Олар өз еңбектері арқылы мәдени мұраны сақтап, оны келер ұрпаққа аманат етуде. Осындай өнерлі, өнегелі аналардың бар болуы – қоғам үшін үлкен байлық әрі мақтаныш.

Дара Дана

ЕСКЕЛДІ АУДАНЫНДА “ТАЗА ҚАЗАҚСТАН” БАҒДАРЛАМАСЫ АЯСЫНДА АУҚЫМДЫ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ СЕНЫЛІК ӨТТІ



